

Бекітемін: *Р. А. Сәидов*
№29 «Ай-Керім» балалар
бақшасының меңгерушісі:
К. К. Сейдіталиева

«Сән әлемінің сұлулары»

27.02.2023ж



Тобы : «Ақкөгершін» мектепалды тобы

Тәрбиеші: Анарбаева. Р. А

Шымкент 2023ж

«Сән әлемінің сұлулары»

Зал мерекеге сай безендірілген

(Үл балалар музыка әуенімен залға кіріп жарты шеңберге тұрып қалады және үш жүргізуші ортаға шығады.)

Жүргізуші: Әділет

Шуакты көктем келді гүлін алып
Көктемнің мерекесі бүгін анық.
Өмірдің көктемі де, гүлі – Аналар
Ана деп бас иеді күллі халық.
Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар
Аналардан туған небір даналар.
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!

Жүргізуші: Рана:

Құрметті асыл аналар, әжелер мен қыздар! Сіздерді көктемнің алғашқы айында тойланатын
8 - наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен
құттықтаймыз. Ананың тілегі, ананың жүрегі, ананың махаббаты, ананың ыстық құшағынан
қасиетті ештеңе жоқ. Бүгінгі 8 - наурыз – аналар мерекесіне арналған
«Сән әлемінің сұлулары» атты мерекелік кешімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!
Барлық өнеріміз аналар текхана сіздер үшін.

Жүргізуші: Сағадат:

Қыздарай, қыздарай
Бір-бірінен асатұғын.
Ерке мінез дара туған
Дидарыңда дала тұнған
Арулар-ай, арулар.

Жүргізуші: Рана

Әділет, Сағадат бүгін біз кімдердің мерекелерін тойлағалы отырмыз?

Жүргізуші: Әділет

Апай бүгін аналар мен қыздардың мерекесі ғой. Сондықтан барлық қыздарымыздың мерекесі емес пе!

Жүргізуші: Рана

Әрине қыздарымыздың мерекесі ғой, балалар біздің қыздарымыз қайда кеткен. Олар көрінбейді ғой.

Жүргізуші: Сағадат

Мен бағана қыздарымызды көрген едім, олар сыртқа шығып бара жатқан. Олар әдемі көйлектерін киіп алып сұлуланып кетіпті.

Жүргізуші: Рана

Әрине олардың мерекелері болғандықтан бүгін сұлуланып кетке болар. Сендер де әдемі болып тұрсындар.

Жүргізуші: Әділет

Рана Азатбайқызы білесізбе аналар мерекесі болғандықтан Көктем ханшайымы мен біздің қыздарымыз жетіспей тұр ғой.

Жүргізуші: Рана:

Әрине біздің сұлуда сүйкімді қыздарымыз және «Көктем» ханшайымы жетіспей тұр. Әділет, Сағадат білесіндерме біздің мерекеміз «Көктем» ханшайымы мен сүкімді қыздарсыз қызық болмайды. Олардың қылықтары мен сүйкімділіктерімен осы залдағы барлық әдемілік, одан сайын әдемі болып кетеді емес пе?

Жүргізуші: Әділет. Әрина Рана Азатбайқызы сіз дұрыс айтасыз. Мерекенің әдемілігі де, сұлулығы да, қыздар арқылы әдеміленеді ғой. Олар біздің болашақ аналарымыз.

Жүргізуші: Рана.

Олай болса, құрметті аналар сүп сүйкімді ару қыздарымыз бен Көктем ханшайымын ортаға көшеметтеп шақырайық. (Қыздар музыкамен кіріп келіп ортаға жарты шеңберге тұрады)

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіңдерме бұлдіршіндер, Амансыздарма ардақты аналар, әжелер, ару қыздар. Көктем мезгілінің алғашқы мерекесі, 8-наурыз аналар мерекесі құтты болсын!

Ару қыздарымыз мені мерекелік ертенгілік болатынын айтып қонаққа шақырып, ерте келді.

Жүргізуші: Рана: Амансыздарма қырмызы сұлу ханшайымдар! Амансыңба «Көктем ханшайымы» хош келдіңіз ортамызға, кешіміздің қадірлі қонағы болыңыз, төрлетіңіз.

Жүргізуші: Рана. Әрине Көктем ханшайымы бәріміз бірге мерекелік кешті өткізсек дұрыс болар еді. Біз сұлу қыздарымызды іздеп таба алмай тұрсақ олар сізді қонаққа шақыруға кеткен екен ғой! Осы керемет Көктем мерекесіне арналған билеріміз, әндеріміз және өлең шумақтарымыз бар сізде бізбен бірге болыңыз.

Ұлдарымыз бен қыздарымыздың аналар мерекесіне арналған жұптық биін қабыл алыңыздар.

Көктем ханшайымы: Әрине бірге боламын ғой, олай болса тамашалайық.

Би: «Вальс»

(Ұлбалдар мен қыздар музыка әуенімен вальс биін билейді. Биден соң өз орындарына отырады)

Жүргізуші: Сағадат.

Той пердесін ашайық

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Ән: «Аяулы анашым»

Такпақтар:

КАУСАР

Әжем менің асыл жан,

Жақсылыққа үйретіп,

Жаманжықтан шектейді.

Әжеме ешкім жетпейді.

Шәй қайнатып келейін,

Шекер салып жан әжем.

Өзім құйып берейін.

Балдай тәтті бал әжем.

ТАЯЛА

Апам мені айым дейді

Мен мұнайсам уайым жейді

Апам мені күнім дейді

Мен қуансам күлімдейді

Анам-өмір шырағы

Анам-өмір бұлағы

Бесігімнің жыр әні

Жүрегімде тұрады

ЕРКЕНАЗ

Тірегі болып жанында

Бірге еріп жүремін Жанашырым жанымда

Тек әжем деп білемін Ақ әжемді арқашан Сыйлап жақсы көремін

Қуантайын деп оны

Өлең айтып беремін

Тақпақтар:

ІНЖУ

Келші келші ақ мамам,
Ел жатқанда жатпаған,
Мен деп тыным таппаған.
Бакыты үшін баланның
Аман сау бол, ақ мамам.
Мамам менің ақ мамам,
Менсіз таңы атпаған.
Менсіз күні батпаған.
Мен ұйықтамай жатпаған,
Менің мамам ақ мамам.

Х.АЯЛА

Еркелеймін шаттанам,
Жарқын күлкің бак мағепан
Ақ бетіңнен сүйейін
Келші кеплші ақ мамам
Бал бөбегін баптаған
Мамам үшін мақтанам
Ақ бетіңнен сүйейін

Айналайын ақ мамам

НОЙЛА

Менің анам ақылшым,
Күн секілді білгенге
Шашырайды шуағы
Үйімізге кіргенде
Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз.
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз

ЖАНСАЯ

Анам, анам, ақ анам
Мен өзіндей ақ балаң,
Айтқан тілінді аламын
Жұмсағанда барамын

НҰРАЙЫМ

Көктем келсе табиғат құлпырады,
Жүректерге ғажайып сыр тұнады.
Гүлге толып айнала күн жарқырап
Аналар да қуанып нұр шашады.

АЖАР

Ак мамамды эркашан,
Сагынамын, сыйлаймын.
Мейрам сайын мен оган,
Түрлү сыйлык сыйлаймын.
Бизге карап елжиреп, —
Сүйсө беттен күнүм деп,
Күшак ашса келшү деп,
Жүгіреміз
күлүмдеп.

Айзере Өмзехан
Көктем келди далага
Келди сүлү шағала.
Аспандагы ак күстар
Ауылынды арала,
Ізгі багыт ісімен,
Бизди багып өсірген
Бас неміз анага
Бас неміз құрметпен.

АЖАРАЙ

Айналайын анашым,
өлпөштөгөн баласын,
Еміп өскөн бөбекпіз,
анамыздын мамасын.
Ак калбакты анашым,
күн сәулелі анашым.
Өлпөштөгөн баласын,
айналайын анашым.

ЖАНИЯ

Теңдесі жок данасың,
Арқа сүйер панасың.
Еңбегіңді ақтаймын,
Аман болшы анашым.
Сегізінші наурыз күнін,
Мейрамдайды аналар.
Аналардын шаттығын,
Құттықтайды балалар.
Жүргізуші: Әділет.
Бәйшешектен білеміз
Көктем келіп қалғанын.
Мәз боламыз, күлеміз
Көрсек бүршік жарғанын. — дей келе мың бұралған ару қыздарымыздың гүлдер биін
тамашаланыңдар.

Би: «Гүлдер» (15 - қыз)

Ән: «Аналар күні»

Жүргізуші: Рана,

Такпактар:

ЕРНҮР

Сегізінші наурыз келді

Шаттық сезім алып келді.

Қуанышты күндерменен,

Құттықтаймын сіздерді.

Аналарды сүйеміз.

Ақылын ойға түйеміз.

Әжені де ардақтап.

Әдеппен бас иеміз.

О.АЙСҰЛТАН

Біз доспыз гүлдермен,

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір-бірден

Аналарға сыйлаймыз.

Сенен өскен балалар,

Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті аналар!

ЗАҢҒАР

Ана өмір шырағы

Ана өмір бұлағы

Бесігімнің жыр әні

Жүрегімде тұрады.

ЕДІЛХАН

Мені жақсы көреді

Күндей күліп келеді

Көп ертегі біледі

Маған айтып береді

Е.АЙСҰЛТАН

Аспандағы айымсың

Бақытыма балаған

Құтты болсын мерекен

Айналайын жан анам.

АЛИНҮР

Ана дейміз бәріміз де аңкылдап,

Ана дейді жас сәби де жарқылдап.

Ана деген бәйтерегі өмірдің,

Ана деген алтын қазық, алтын бак.

ЖАЙНА

Бал бөбегім баптаған
Анам үшін мақтанам.
Ақ бетіңнен сүйейін .
Келші, келші ақ мамам.
Әлемнің жарығын.
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін
Жинадың сен маған.

ЕРКЕНАЗ

Көктем келді далаға

Келді сұлу шағала.
Аспандағы ақ құстар
Ауылыңды арала,
Ізгі бағыт ісімен,
Бізді бағып өсірген
Бас иеміз анаға
Бас иеміз құрметпен.

АЙЗЕРЕП

Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімін таусылмас
Күн нұрына теңедім.

КАМИЛА

Көктем келді шуақты,
Балаларды қуантты.
Алақай-ау, алақай!
Құстар сайрап, гүл атты!
Көктем келді жадырап
Күн нұрымен таласып,
Жайнай берші жарқырап
Жаны жайсаң аналар!

Көктем ханшайымы: Білесіздерме қонақтар ,біздің аналарымызға арналған тосын сыйымыз бар.
Қыздар барлығың мұнда келіндер. Енді аналарымызды жалықтырмай өз өнерлерін көрсетуді
ұлдарымызға берейік. Қыздар барлығымыз кішкене уақытқа шығып кетейік,жарайма.
(Қыздар киім ауыстыруға шығады)

Жүргізуші: Рана. Әрине біздің ұлдарымызда аналарына деген өнерлерін көрсетуге дайынғой.

Жүргізуші: Рана 1-ші көрініс «Отбасы»

(Анасы- Рана,Әділет – әкесі, үлкен ұлы- Сағадат, Ортаншы ұлы – Ернұр, Әли- кенже ұлы)

Жүргізуші: 2-ші көрініс «Үш ана» (Әділет, Сағадат, Ернұр)

ӘДІЛЕТ

Мама, милая, родная
И бабуля дорогая,
Поздравляю от души
Вас я с праздником весны!

ЕРНУР

Мама милая моя
Как тебя люблю я.

Все цветы я собираю,
Для тебя, родная.

САҒАДАТ

Слушай нашу песенку,
Мамочка любимая.
Будь всегда здоровая!
Будь всегда счастливая!

Жүргізуші: Рана.

«Ана» деген ең жаксы сөз әлемде,
Аналарсыз кірмес өмір сәні де.
Аналарға арналады бәріде-дей келе.
Ұлдарымыздың аналарымызға арналған кереметтей билерін тамашалаңыздар.

Би: «Аспазшы»

Тақпақтар:

АЛИ

Менің әжем, ақ әжем
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әжем

Менің әжем, гүл әжем
Алтын әжем, күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз ана тілі әжем.

ЕРБАТЫР

Мен анамды сүйемін,
Құшағына енемін.
Мәпелеген анамды,
Қуантсам деп келемін.

САҒАДАТ

Мерекесі бүгін
Алтын анамның,
Сыйлайыншы гүлін,
Жарқын даламның.
Күлімдеген көзі,
Күннің нұрындай,
Ұлым деген сөзі,
Ақын жырындай.

ӘДІЛЕТ

Жанымызды жайнатқан
Өзіңіз гой аналар
Зор денсаулық, мол бақыт
Тілейміз біз балалар
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Аналарды құттықтап
Жырдан шашу арнаймыз.

Жүргізуші: Рана. Керемет. Көктем ханшайымы мен қырмызы қыздарымыз аналарымызға қандай тосын сый дайындаған екен.

Көктем ханшайымы: Ұлдарымыздың өнерлері де керемет екен. Ал енді бүгінгі кешімізге 15 қыз атты сайыс дайындадық. Қыздарымыздың өнерлерін тамашаланыздар.

Жүргізуші: Рана.

Құрметті аналар, әжелер, қыздар «Ақкөгершін» мектепалды тобының арулары, аналарымыздың көңілдерін көтеруге -- «Ал кәнекей ару қыздар» сайысын өткізгелі отыр. Бізбен бірге аруларымыздың өнерлерін тамашалаңыздар!

Жүргізуші: Әділет

Әділ қазы береді,
Өздеріне билікті
Өнерде кім жеңеді. Сол алады сыйлықты.

Жүргізуші: Рана Олай болса Әділет сайысымызды бастайық.

Ал, құрметті аналар сүп сүйкімді ару қыздарымызды ортаға қошеметтеп шақырайық.
Кереметей келбетті Көктем ханшайымы Акерке апайын қарсы алайық.

1 ару: Мың бұралған сұлу қызымыз Жарқынбек Інжуді қарсы алайық.

2 ару: Айдай ару қызымыз Худойбак Аяланы қарсы алайық.

3 ару: Сүйкімді ару қызымыз Абдыхалық Айзереңгі қарсы алайық.

4 ару: Сабырлы сұлу қызымыз Шатырбай Камиланы қарсы алайық.

5 ару: Сұлулығы ботадай Қалшора Ажарды қарсы алайық.

6 ару: Әдемі ару қызымыз Шерятуллаева Нойланы қарсы алайық.

7 ару: Сұлу қызымыз Мұратқызы Жансаяны қарсы алайық.

8 ару: Айдай ару қызымыз Әмзехан Айзерені қарсы алайық.

9 ару: Сабырлы да сүйкімді қызымыз Мұхтар Каусарды қарсы алайық.

10 ару: Сүп сүйкімді қызымыз Жайшибекова Жанияны қарсы алайық.

11 ару: Қылығымен сүйкімділігі бар ару қызымыз Ажарайды қарсалайық.

12 ару: Қылықты қытымыз Таңсықбай Аяланы қарсы алайық.

13 ару: Мінеді де, сабырлы қызымыз Бактия Жайнаны қарсы алайық.

14 ару: Келбетіде, қылықты ару қызымыз Оспанова Нұрайымды қарсы алайық.

15 ару: Қылығына көркі сай ару қызымыз Қалыбай Еркеназды қарсы алайық.

Міне барлық 15 ару қыз ортада

Қошеметпен қол соғайық шаттана.

Көріктеріне сұлулықтары сай екен,

Мың бұралған аруларымыз ортада.

Таныстырылым: Ал енді сұп сүйкімді қыздарымыз өздерін таныстырып өтсін.

1-ші ару:

Амандасам ата-қазақ салтыменен,

Ұстаздар, құрбы-құрдас аналармен

Иліп әдеппенен сәлем берем.

Таныстырып өзімді өтер болсам,

Әлімбекқызы Інжу деген мен боламын.

2-ші ару:

Ару қыздар – Ай көрік, қылығы – Күн.

Сезбейсіңдер керемет сұлулығың,

Құлпырған қызғалдақтай құндызыңмын

Қол соғып, қошеметпен қарсы алыңыз

Әлмұрад қызы Аяла мен боламын

3-ші ару:

Армысыздар жиналған көпшіл қауым,

Ұлықтап қазағымның дәстүр салтын.

Нұр шашқан көктемнің шуағындай,

Нұрсұлтанқызы Айзеріп мен боламын..

4-ші ару:

Өнерді жиып алып дестелеген

Биікке қанат қакқан бір қызыңмын,

Сәлемдесіп алайын көпшілікпен!

Қайратқызы Камила мен боламын.

5-ші ару:

Елігі ем – еркін жүрген кең даланың

Өнерге қанатымды кең қағамын.

Армысың әже, ана, бауырларым,

Көктемде қырда өскен қызыл гүлмін,

Қол соғып, құшақ жайып қабылдандар,

Нұрсұлтанқызы Ажар мен боламын.

6-ші ару:

Таныстырсам өзімді

Шахрух атты әкем бар

Кішкентаймын мен әлі

Шахиста деген анам бар Еркелетер күлімдеп Мәпелетер гүлім деп.

Нойла деген мен болам.

7-ші ару:

Ашып өмір есігін.
Тербетті анам бесігін,
Әдемі, ақылды қыз болдым,
Жансая менің есімім.

8-ші ару:

Армысыздар халайық,
Амандасып алайық.
Анам аты Гавхар
Жандосқызы Айзере мен болам.

9-ші ару:

Елігі ем – еркін жүрген кең даланың
Өнерге қанатымды кең қағамын.
Армысың әже, ана, бауырларым,
Таныстырсам өзімді,
Ерболқызы Каусар деген мен боламын.

10-ші ару:

Сүйкімдімін мен өзім.
Ашып өмір есігін.
Таныстырсам өзімді,
Жания деген мен болам.

11-ші ару:

Сәлем менен бастаймын мен сөзімді
Құрбы-құрдас аналардың алдында.
Иіліп әдеппенен сәлем берем.
Таныстырып өзімді өтер болсам,
Мұратқызы Ажарай мен боламын.

12-ші ару:

Сезбейсіңдер өмірдің сұлулығын,
Ару қыздар – Ай көрік, қылығы – Күнін.
Қол соғып, қошеметпен қарсы алыңыз
Бақтыбай қызы Аяла мен боламын

13-ші ару:

Армысыздар халайық,
Сәлемдесіп алайық.
Анам аты Гулмира
Нұрлыбекқызы Жайна мен боламын.

14-ші ару:

Сәлем менен бастаймын мен сөзімді
Өлең менен таныстырам өзімді.
Қазағым ана сыйлап өскен халық,
Атымды Нұрайым деп қойғаны бар
Нұрғазин мен Айгерімнің гүл қызымын.
Жарқырап нұрын шашқан жұлдызымын.

15-ші ару:

Таныстырсам өзімді,
Әкем аты Азамат.
Кішкентаймын мен әлі,
Анам менің Әлима.
Еркелетер күлімдеп,
Еркеназ деген қыз болам.

Жүргізуші: Рана

Сымбатына сай киім жарасатын,
Аспандағы айменен таласатын.
Өнеріне сәні сай келіп тұрған,
Аруларға қызығып карасын деп, -келесі сайысымыз ару қыздар сән үлгісін тамашаланыңдар.

3-кезең «Сән үлгісін көрсету» (15-қыз)

Ән: «Анашым»

4-кезең «Би» «16 қыз»

Жүргізуші: Рана

Төрт кезең сайысы аяқталды, ару қыздарымызды қошаметтейік.
Өнеріміз сайыста,
Жетелейді алысқа.
Бүгінгі күннің жеңісі,
Достық болып қалуда.
Шалкытып мерекеде ән салайық,
Өнерпаз өрендерге тамсанайық.
Әділдік пен шындықты арқа тұтып,
Әділқазы алқасын ортаға шақырамыз
«Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» демекші бүгінгі сайысымызды таразылап әділ бағасын береді
деген оймен келесі сөзді әділқазылар алқасы —————береміз.

Көктем ханшайымы: Жеңімпаздарды марапаттау..

Әр түрлі наминатсиялармен марапаттады.

Бүгінгі аналар мерекесіне арналған балаларымыздың сыйлықтарын табыс етуге рұқсат етіңіздер.

Көктем ханшайымы: Мерекемен құттықтау сөзі.

Аналарға сыйлық табысталады.

Жүргізуші: Әділет, Сағадат. Аналар мерекесі құтты болсын!

Жүргізуші: Рана

Аналар қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен мерекені аяқтайық,
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа— дей отырып бүгінгі
«Сән әлемінің арулары» атты ертеңгілігіміз аяқталды.
Ардақты аналар мейрамдарыңыз құтты болсын!
Ата-аналарға сөз беріледі.
Сау саламатта болыңыздар!



